



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлау мен сөйлеудің дамуы





Осы дәрісте сөйлеу мен ойлаудың дамуы, әсіресе балалық шақтағы ойлаудың жоғары формаларының дамуы жайлы айтатын боламыз. Теорияда бұл қиын да күрделі мәселе. Выготскийдің осы салада жүргізілген зерттеулерге деген сыни көзқарасын қарап, олардың нәтижелерінің ақталмайтындығын айта келе, өзінің жеке тұжырымдарын ұсынған. Естеріңізге сала кетейін, бұл дәрістер топтамасы Л.С.Выготскийдің «Ойлау мен сөйлеу» атты монографиясының негізінде дайындалды. Сондықтан, негізгі ойды Лев Семеновичтің зерттеулеріне сүйеніп сипаттайтын боламыз.

Выготский бұрынғы жасалған зерттеулерде А.Бине ұсынған және В.Штерн көп қолданған тәсіл өте қарапайым деген ойда болады. Мысалы, қалалық немесе шаруа отбасы немесе түрмеде отырған тұтқындар салынған қарапайым суретті алады, суретті 3, 7, 12 жастағы балаларға көрсетіп, олардың әрқайсысы сол ұсынылған сюжетті қалай сипаттағанын анықтайды. Осы жағдайды зерттеушілер: барлық балаларға ойлау үшін бірдей объект берілгендіктен, ойлаудың негізгі ерте кезеңдеріндегі дамуы баланың әңгімесінен қалай көрінсе, солай болады дейді. Осындай тәжірибелерден қандай қорытындылар шықты? Ойлау психологиясындағы көп нәрселер осы қорытындыларға негізделгенін айта кету керек. Мектепке дейінгі балалар суретті сипаттағанда жеке заттарды атайды, соған байланысты: мектепке дейінгі әлемді жеке нәрселер мен заттар жүйесі деп ойлайды деген қорытынды жасалады. Оқушы көрсетілген заттар мен адамдардың қарапайым әрекеттерін атайды, осыдан: оқушы әлемді әрекеттесетін заттар мен адамдар жүйесі деп ойлайды деген қорытынды жасалады. Ересектеу оқушы алдымен белгілер кезеңіне, сонан соң қатынастар кезеңіне өтеді, сонымен жеке заттар арасындағы күрделі қатынастарды қабылдайды. Осыдан кейін зерттеушілер ересектеу оқушы әлемді адамдар мен заттар күрделі қатынастарының жүйесі деп қабылдайды деген қорытынды жасайды.

Ойлау психологиясы үшін негізгі маңызы бар түйінді факт осы көрсеткен жағдайларды Выготскийдің қайта қарау болып табылады. Суреттер бойынша әңгіме тәжірибесінен алынған мәліметтердің дұрыстығына шүбә келтіру бұрыннан басталды дейді Лев Семенович. Ол өз еңбегінде: Шын мәнінде, тәжірибе нені көрсетеді? Алдымен бала заттарды, сосын — әрекеттерді, сонан соң қатынастарды, яғни заттардың байланысын қабылдайды. Осы біздің баланың жалпы дамуы туралы білетіндерімізге ұқсай ма? Бұл қатарды төмен қарай жалғастырайық, бала одан да ертерек шақта суретті немесе әлемді қалай қабылдайтынын қарастырайық. Ол тек заттар мен нәрселерді ғана емес, заттардың ең майда қасиеттері мен сапаларын да қабылдауы тиіс, өйткені заттың өзі — жекелеген белгілер мен қатынастардың күрделі байланысы».

Сәбилік шақ пен мектепке дейінгі бала заттарды олардың аса нақты байланыстылығында болмыстың кесіндісі ретінде қабылдайды. Суретпен жасалған тәжірибе негізіндегі жеке заттарды бастапқы қабылдауы, шын мәнінде — кейінгі, баланың кейінірек дамуындағы кезең. Выготский ерте кезеңдегі баланың ойлауының дамуы туралы біздің білетініміздің бәрі де, осы тәжірибені жалғастыра берсек, мүлдем басқаша көрініске, яғни бала ойлауының дамуындағы кері процеске әкелетінін көрсетеді деген ой айтады.

Енді Выготскийдің қорытындыларына тоқталайық.

Бала алдымен байланысқан тұтастық ретінде ойлайды. Бұл кезең синкретизм деп аталады. Синкретизм — затты жіктемей және бір затты екіншісінен бөлмей, баланың тұтастай ойлауына мүмкіндік беретін бала ойлауының ерекшелігі. Бала ойлауының синкреттік сипаты, яғни тұтастай жағдаяттармен, тұтастай байланысты бөліктермен ойлауы соншалықты күшті, ол тіпті оқушының сөз арқылы ойлауында да жалғаса береді және де мектепке дейінгі баланың ойлауын түрлендіретін формасы болып табылады.

Осы жеке затты бөліп ала алмауы, оны атай алмауы, Ж.Пиажеден алынған екі мысалда айқын көрінеді.

Баладан: «Неге күн жылытады?» деп сұрайды, бала: “Себебі ол сары, себебі ол биік, биікте тұрады”, — деп жауап береді. Осындай балаға «түсіндіру» — басқа фактілер мен қасиеттерді бір әсермен, бір бейнемен байланысты әсерлер мен бақылауларды келтіру деген сөз. Күн жоғарыда тұрады және құламайды, ол — сары, ыстық, оның қасында бұлттар бар, яғни баланың көретінінің бәрі бірге байланысқан, ол біреуін екіншісінен бөлмейді.

Ересектеу балада синкретизм араластыруды көрсетеді, яғни сыртқы әсерде бірігетіннің бәрін бір-бірімен біріктіру. Бұл мектеп баласының сөйлеуінде қала береді: бала осындай синкретті тұтастықтармен жылжиды. П.П.Блонский осы қасиетті ойлаудың байланыссыз байланыстылығы деп дұрыс айтады. «Байланыссыз» — ол түсінікті: бала — күн құламайды, себебі ол ыстық деп ойлайды. Бұл жерде көп нәрсе байланыссыз көрінеді. Сонымен бірге бұл «байланыстық» деп дұрыс аталады, өйткені біз — ересектер



міндетті түрде жіктейтінді, бала байланыстырады. Ол үшін күннің сары болуы мен оның құламауы, бір әсерге бірігіп кеткен, ал біз оны бөлектейміз.

Сонымен, синкретизм ойлаудың байланыссыз байланыстығында, яғни субъективті байланыстың, тікелей әсерден алған байланыстың объективті байланыстан үстемдігінде, осы жерден объективті байланыссыздық және субъективті жалпылай байланыстылық шығады. Баланың қабылдауында барлығы өзара байланысты. Объективтілік жағынан, баланың әсерлер байланысын заттар байланысы деп ойлайтынын көрсетеді дейді автор. Бала әсерлер байланысы болатынды, ол заттар байланысы деп қабылдайды. Осы жағдайда мида физиологиялық тұрғыдан не болатыны түсініктілеу: бұл И.П. Павловтың иррадиация туралы қызықты жағдайында, яғни қозудың бастапқыда шашыраған, диффузиялы кезеңі, ол алғашқы әсерлер кезінде болады, осы әсерлермен байланысты тұтас кешендер пайда болады.

Бұрынғы кездегі психологтар, субъективті психологтар ойлаудың дамуын қалай елестеткен?

Олардың айтуынша, жаңа туған баланың жағдайы қайсыбір инстинктердің ретсіздігі, ең алдымен, байланыссыз заттардың ретсіздігі. Бала ешқашан заттарды көрмеген, мәселен, кереует, стол, орындық. Егер сезім мүшелері ғана қызмет атқарса, онда, әрине, балада елестердің жылы мен тәттінің, қара мен сарының, түрлі бір-бірімен байланыссыз инстинктері мен заттар қасиеттерінің ретсіздігі (хаосы) болуы керек. Бірте-бірте инстинктер қордалана береді, бөлек инстинктерден т құрылады. Осыдан заттар шығады, сосын заттар топтарға жинақталады, ең соңында бала әлемді қабылдауға көшеді.

Выготскийдің зерттеулері көрсеткендей, эксперименттік зерттеулер бұның мүлдем керісінше болатынын көрсетеді. Сәбилік шақтағы бала тұтас үлкен топтармен немесе жағдаяттармен өмірді синкретті қабылдайды.

И.П.Павлов тітіркендіргіштер кешенінің қасиеттерін зерттеген, белгілі тітіркендіргіштер кешені жекелеп алынған әрбір тітіркендіргіш, бөлек-бөлек тітіркендіргіштер немесе бір-бірімен қатар алынған тітіркендіргіштерге қарағанда басқа әрекетті көрсетеді. Павлов зертханасында бастапқыда бөлек тітіркендіргіштермен жұмыс істеп, кейін кешенге көшкен. Сонымен, зертханалық практикада жеке тітіркендіргіштерге, сонан соң кешенге эксперимент жасалады. Ал бала өмірінде қалай болады? Лев Семеновичтің ойынша, алдымен бала әсерлер мен заттар кешенімен, толығымен жағдаятпен жолығады. Баланы анасы тамақтандырады, яғни тітіркендіргіш анасы болып табылады, оның киімі, бет әлпеті, дауысы; баланы қолға алып, белгілі қалыпта ұстауы; тамаққа тойдыруы; баланы ұйқыға жатқызып, тынықтыруы. Бұл бала алдында өтіп жатқан тұтас жағдаят. Бала алдымен кешенді түрде, сонан соң ғана жекелеген заттармен ойлайды.

Тағы да бір факт жүзіндегі ой-пікір. Суреттермен жасалған тәжірибеде 3 жастағы бала жекелеген заттарды көреді, ересектеу бала әлемді әрекеттер жүйесі деп ойлайды дейді. Егер де сол бір суретті (мысалы, «Түрмедегі тұтқын») үш жастағы балаға көрсетсе: «Адам, басқа адам, терезе, кружка, орындық», ал мектеп жасына дейінгі бала үшін: «Бір адам отыр, екіншісі терезеге қарап тұр, кружка орындықта тұр». Ал бірақ үш жастағы бала да, мектепке дейінгі бала да, керісінше, барлық қойылған фигураларды, барлық заттарды олардың функциялары арқылы, яғни оларды әрекет арқылы анықтайды дейді автор. Бала үшін осылар ең бастапқы болады. Выготский алғашқы, бастапқы сөзді іздесек, ол зат емес, әрекет атауы екенін көреміз: бала затты атайтын сөзден бұрын әрекетті атайтын сөзді айтады дейді.

Зерттеу материалдарын жинақтай келе, Лев Семенович келесі қорытындыға келеді: сурет бойынша сипатталатын ойлаудың дамуы мен өмірде біз білетін ойлау процесінің дамуының арасында үлкен қарама-қайшылық туындайды. Екі жағдайда да қатынастар басынан аяғына төңкерілгендей болады. Осындай ой-пікірлердің бәрі де эксперименттер және фактілермен тексеріліп жатқаны қызықты. Мың баланы алып, суретті сипаттауда осылай болады деп тағы да дәлелдеуге болады. Бұл талас тудырмайтын факт, бірақ оны түсіндіру басқаша болуы керек. Осы ретте Выготский түсіндіруге болатын және жаңаша ұғынуға жол сілтейтін қарапайым бақылау жүргізгенін айтады.

Бала алдымен жеке сөздерді айтады, сосын фразаларды, кейінірек балада жеке-жеке сөздер мен құбылыстардың қоры жинақталады, содан соң бес жасар бала бір сөйлемнің аясында сөздер арасындағы байланысты орнатады; сегіз жасар бала күрделі бағыныңқы сөйлемдермен сөйлейді. Осы жерде теориялық болжам туындайды: сурет бойынша әңгіме бала ойлауының дамуын көрсете ме? Бала өзі айтқандай, қарапайым сөйлемдермен ойлайды деп түсінуге бола ма? Мүмкін, іс генетикалық тұрғыдан басқаша: бала жеке сөздерден сөйлем құрайды, содан соң бірте-бірте бір сөйлем аясында сөздерді байланыстырады,



жүйелі сөйлеуге көшеді — сурет бойынша әңгімелеу тек осыны көрсететін шығар. Мүмкін, бала алдымен жеке заттар, содан соң әрекеттер, содан кейін белгілер мен қатынастар арқылы ойламайтын шығар. Мүмкін, бала алдымен жеке сөздерді, содан соң қарапайым сөйлемдерді айтып, кейіннен сол сөйлемдерді байланыс-тыратын шығар деген түрлі күмәндарды алға тартады.

Осы ретте Выготский эксперимент жүргізеді, өйткені тек эксперименттер ғана түпкілікті жауап бере алады. Ол суреттерге берілетін жауапты сөз жүзінде емес, басқа жолмен алып көруге тырысады. Екі баладан суретте көрсетілгенді әңгімелеу түрінде емес, ойын түрінде көрсетулерін сұрайық. Сонда балалардың ойыны 20—30 минутқа созылады және, ең бастысы, суреттегі бар қатынастар ойында қамтылады. Егер суретті әңгімелеу емес, қойылым түрінде көрсетуді сұраса, онда, Штерннің тәжірибелеріне сәйкес, 4—5 жастағы бала “Түрмеде» суретінің қойылымын 12 жасар баланың әңгімелегеніндей көрсетеді. Бала адамдардың түрмеде отырғанын өте жақсы түсінеді: оларға біреулердің бас салғанын, қалай алып кеткенін, біреуі терезеге қарап тұр — еркіндікке шыққысы келеді деген күрделі баяндауы қосылады. Осыған жақында бала бағушының, трамвайлық жол билеті болмағандықтан, айыппұл төлегені туралы күрделі әңгіме қосылады. Сонымен, 12 жастағы балалардың әңгімесіндегі сипаттау шығады.

Осы жерде психолог бала ойлауының процесін, бала ойлауы дамуының тарихын, сурет бойынша әңгімелеу мен оның қойылымдағы көрінісі туралы екі түрлі көзқарасты түсіне бастайды. Енді осы тәжірибенің басқа жағына көшейік.

Выготскийге дейінгі кейбір экспериментшілердің зерттеуіне тоқталып өтейік. Ғалым шын мәнінде 3 жасар бала қатынастарды қабылдамайды, тек жеке заттар мен нәрселерді қабылдайды, ал арасындағы байланыс кейін орнатылады деген көзқарастың дұрыс-бұрыстығын тексеруге тырысады. Ол солай болса, онда экспериментте балаға арасында байланыстары аз заттарды берсек, бала осы байланыстарды сезінбей, заттармен, олардың арасындағы байланыстарсыз жеке заттар ретінде әрекет ететінін күтуіміз керек деп болжайды Лев Семенович В. Элиасбергтің жұмысы да осыған арналған, ол арнайы тәжірибені негіздеу үшін әдістеме жасаған. Оның мәні мынада. Үстел үстіне түрлі түсті қағаздарды қояды, баланы үстелге жақындатып, ешбір нұсқау бермейді, тек кейде алдындағы қағаздарға назарын аудартады. Қағаздар екі түсті: ашық қызыл және көк. Бала қағаздарды алып, төңкереді. Біреуінің астында (көктің) темекі желімделген. Бала оған назар аударып, оны жұлып алғысы келеді. Ол әрі қарай не істейді? Егер де бала тестідегі кезеңде — суретті әңгімелеу кезеңінде болса, онда сыналушы жеке қағаздармен, ең жақсы жағдайда қағаздар үйіндісімен және еш байланыссыз, заттар арасында ешбір қатынасыз әрекет жасайды деп күтуге болатын еді. Алайда, тәжірибе керісінше көрсетеді.

Бала бір жарым-екі жастан, әдетте, үш жасқа дейін көк қағаз бен темекі арасында кәдімгі байланысты орнатады. Қағаздар ретсіз жатқанда, бала әрі қарай қызылдарын шетке қалдырып, тек көктерін ғана ашады. Бірінші реттен кейін қағаздардың түсін өзгертіп, қызыл мен көктің орнына қызғылт пен қоңырды қойса да, бала дәл солай әрекет жасайды. Ол қызғылтты ашады, қоңырды ашады, оның астында темекі бар, қайтадан түс пен темекі арасында байланыс орнатады. Оның ересек оқушыға қарағанда байланысты жақсырақ орнатуы өте қызық. Ал ересек адам ересек оқушыға қарағанда байланысты одан да нашар құрады. Сондықтан Элиасбергтің ойынша, бала қарапайым тәжірибеде заттар арасындағы байланысты жеңіл құра алса, ал әлемді жеке заттар арқылы ойлауы және байланыс құра алмауы мүмкін емес дейді.

Элиасберг үшін сөйлемейтін балалар мен керең-мылқаулармен жүргізген тәжірибелері өте маңызды. Осы жердегі көптеген тілсіз мінез-құлық тәжірибесінің талдауы бізді сәбилік шақтағы бала бәрін бәрімен байланыстыруға бейім деп ойлауға мәжбүр етеді. Тәжірибе көрсеткендей, оған ең қиыны байланыстарды жіктеу, жеке кезеңдерді бөліп алу іскерлігінде болды.

Сонымен, Лев Семенович Выготскийдің қорытындысы бойынша, бала әрекеттерді бір-бірімен байланыстырмайды деген жалпы көзқарас негізсіз болып қалады.

Ойлау дамуындағы сурет бойынша әңгімелеуді сипаттайтын генетикалық қисық сызықтың дұрыстығына шүбә келтіру бұрыннан пайда болған дейді автор. Штерн егер де ой операциясы бала үшін қиын болса, ол неғұрлым төмендеу сатыға түсетініне көңіл аударды. Егер де бала күрделі суретті көрсе, онда 12 жастағы бала — 7 жастағыдай, ал 7 жастағы 3 жастағыдай әңгімелей бастайды. Осыны дәлелдеу үшін Штерн бала алдындағы сурет туралы әңгіме жазуды ұсынады. Мұнда да, әңгіме жазуда жазбаша сөйлеуді қолдануға мәжбүр болған балалардың барлығы бір сатыға төмендеген.

Осы тәжірибе Штернге керемет жеңіс әкелді. Тәжірибе тапсырма күрделенгенде, әңгіменің сапасы бірден төмендеп кететінін көрсетеді. Демек, ойлау процесі туралы сыртқы әсер бойынша, алдымен жеке заттар туралы ойлау, содан соң осы заттардың әрекеті, сонан соң белгілері, ең соңында заттардың байланыстары



туралы деп болжамдауға болады дейді Выготский. Ал енді бұл жерде тағы да бір тәжірибелер тобы көрініс береді, олар Штерннің бар құрылымын текке шығарады.

Бірінші тәжірибе мынадай. Егер балаларды әр түрлі әлеуметтік ортадан: шаруалар мен қаланың мәдениетті балаларынан, артта қалған және қалыптылардан алғанда, Германияда тұратын шаруалардың баласын басқа ортамен салыстырғанда, суретті әңгімелеуде бір кезеңнен екіншісіне өтуде дамуы кешеуілдейді. Штерн білімді және білімсіз ортадан шыққан баланың ойлауын салыстыруға тырысқанда, күнделікті өмірде білімсіз ортадан шыққан балалардың ойлауы көптеген жағдайда білімді ортадан шыққан құрдастарының ойлау мазмұнынан еш қалыспайды екен. Керісінше, түрлі ортадағы балалардың сөйлеуін талдау сөйлеу дамуына толық сәйкес мәліметтер берді, мәселен, шаруа балаларының сөздік тілі мен синтаксисінің дамуын бақылау баланың өмірде қалай сөйлесе, суретті де солай сипаттайтынын көрсетті. Выготский психологтардың көзқарасы басқаша, сурет бойынша әңгімелеу жалпы баланың өмірде қалай сөйлейтінін көрсету үшін емес, берілген эксперименттік жағдайлар үшін қажет екенін айтады.

П.П.Блонскийдің де назарын аударған екінші тәжірибе сурет бойынша әңгімелеудің барлық тәжірибелерін қайта қарауға әкелген: егер де балаға әңгімені ауызша емес, жазбаша түрде әңгімелеуді ұсынатын болсақ, онда 12 жастағы баланың 3 жастағы бала сияқты сипаттайтыны бірден көрінеді. 12 жастағы баланың жазбаша мазмұнамасы 3 жастағы баланың ауызша әңгімесіне ұқсайды. Осы зерттеудің қорытындысына сәйкес Выготский «Баланың қолына тек қарындаш бергендіктен, ойлаудың міндеті қиындап кетті деу дұрыс бола ма? Егер баланың жазуы нашар болса, ол ойлауында қатынастар кезеңінен заттар кезеңіне өтеді дегенді көрсете ме?» деген күмәнға толы бірнеше сұрақтар қояды. Сонымен қоса, ол жоғарыдағы зерттеумен келіспейтіндігін айтады. Қысқаша айтқанда, сурет бойынша әңгімелеу бала ойлауы дамуының теріс сипатын береді деген сөз. Шын мәнінде, әңгімелеу баланың сөйлеу формасының кезеңін сипаттайды, егер де жазбаша сөйлеуге көшсек, онда тәжірибеде баланың жазбаша сөйлеуінің ерекшелігі ғана көрінеді дейді автор.

Ол бала психологиясындағы шатасу психологтардың сөйлеу дамуын ойлаудың дамуынан ажырата алмауына байланысты — міне, мәселені теориялық тұрғыдан қарастыруды бастаудың негізгі қорытындысы осы деп ойын қорытындылайды.

Суретпен жүргізілетін тест талдауында, тест, оған сыни тұрғыдан қарау жеткіліксіз болғанда, бізді шатасуға әкеледі, яғни баланың қоршаған әлем туралы ойлауы мен бала қабылдауы дамуының жалған жолын көрсетеді. Сонымен қатар, сәбилік шақтағы баланың қабылдауын (оның сөйлеуін қарастырмай) эксперименттік тексеру баланың әлемді тіпті де жеке заттардың мөлшері немесе қосындысы деп қабылдауын көрсетпейді, оның қабылдауы синкреттік сипатта, яғни ол тұтас, қалайда бір топтарға жинақталған, оның қабылдауы мен ойлауы жағдайға байланысты болады.

Егер біз осы фактілерге бала сөйлеуінің дамуы тұрғысынан қарасақ, сәбилік шақтағы балада шынында да жеке сөздер, содан кейін сөздер арасындағы байланыс пайда болады, кейінірек бастауышы мен баяндауышы бар сөйлемдер пайда болатынын көреміз. Сонан соң бала күрделі сөйлемдерді пайдалану кезеңіне өтеді, ең соңында, негізгі және бағыныңқы сөйлемдердің жеке элементтерінің арасындағы байланысты орнатады.

Суретпен жүргізілетін тәжірибені талдау баланың ойлауы мен сөйлеуін ажыратуға әкеледі және де ойлау мен сөйлеуінің дамуы бір-бірімен сәйкес келмейтін екі жолмен жүретінін көрсетеді.

Осындай ойларды қорытындылай келе, 3 жастағы бала қалай сөйлесе, суретті солай сипаттайды, бірақ оның суретті қабылдауы мен ол туралы ойлары басқаша болады. Яғни егер біз баланың сөйлеуі мен ойлауын символды түрде қисық сызықпен белгілеп салсақ, онда сызықтың кейбір жекелеген нүктелері сәйкес келмеуші еді. Ал енді осы баланың сөйлеуі мен ойлауының дамуы бір-біріне мүлдем тәуелсіз, бала сөйлеуінде ойлауы дамуының белгілі деңгейі көрінбейді деген сөз бе? Бұл түсініспеушілікті ұғындыру қажет. Осы тұста автор баланың ойлауы мен сөйлеуінің дамуы сәйкес келмесе де, олардың дамуы бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Выготский бала өмірінің бірінші жылдарында ойлау дамуы азды-көпті дербес дамиды, бірақ белгілі деңгейде сөйлеу дамуына сәйкес болады; тіпті ересек адамда да ойлау функциясы белгілі деңгейде сөйлеуден тәуелсіз және онымен байланыссыз болып қала береді деген тұжырымға келеді.

Автор жануарлар психологиясын зерттеуге арналған қарапайым тәжірибелерді, мысалы Келер тәжірибелерін мысалға келтіреді. Бұл тәжірибелер ойлаудың сөйлеуге дейінгі түп негізін көрсетеді. Бала дамуын зерттеуде басқа авторлардың да зерттеулері бар, мәселен Тудер-Гарт пен Г.Гетцердің 6 айлық балаға жүргізген тәжірибелері. Бұл авторлар баланың нақты жағдайда заттармен әрекет істей отырып, оларды



қарапайым құралдар түрінде пайдаланып, заттармен жасаған әрекеттерін қарай отырып, бала ойлауының бастапқы сатысын, яғни ойлаудың бастамасын байқай алған. 10 айлық балада ойлаудың бастамасы нақтырақ көрінеді. 9—12 айлық балада инстинктивті, туа біткен реакциялар, шартты рефлексстерден басқа, ерте кезеңде қалыптасатын дағдылар да көрінеді. Оның жаңа жағдайға бейімделуінің кәдімгідей күрделі аппараты бар. Мысалы, бала құралдарды қолданғанда, көбіне әлі де болса қарапайым формадағы заттар арасындағы негізгі қатынастарды сезінеді. Тудер-Гарт пен Гетцер бақылаған тоғыз айлық 42 баланың барлығы былай еткен: егер де жіп байланған сылдырмақ жерге түссе, олар сылдырмақ пен жіп арасындағы байланысты сезініп, қолмен сылдырмақты ала алмаған соң, жіптен тартқан, соның көмегімен ойыншықты алуға тырысқан.

Тіпті осы жастағы бала заттар арасындағы қарапайым қатынасты байқап қана қоймай, қарапайым түрде бір затты құрал ретінде пайдалануға да қабілетті, және жүргізілген бақылаулар басқа затты өзіне қарай жылжыту үшін оның заттар арасындағы байланыс пен күрделі қатынастарды өзі орната алатынын көрсеткен. Баланың бір затты, басқа затпен иемдену үшін, құрал ретінде пайдалануға тырысуы, объективті жағдаятқа қажеттіден гөрі жиірек көрінеді. Нәресте бір шарды екіншімен жылжытуды, шар жақын жерде жатып, оған қолы жететін кезде ғана емес, тіпті шар алыстау жатып, объект пен құрал арасында еш контакт болмағанда да жасауға тырысады. Немістер оны *Werkzeug- danken* деп атайды, оның мәні ойлау қарапайым құралдарды қолдану процесінде көрінеді дегені.

Қосымша әдебиттер:

1. Левитов, Н. Д. Развитие ребенка дошкольного возраста от 2 до 7 лет / Н. Д. Левитов // Левитов Н. Д. Детская и педагогическая психология. – М., 1964.
2. Выготский, Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка / Л. С. Выготский // Вопросы психологии. – 1966.